



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 01 » 09 2024 ж № 73 нқ.

**2024-2025 оқу жылының басталуы және аяқталу
мерзімдерін сондай-ақ білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу Ағарту Министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы және Маңғыстау облысы білім басқармасының «Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 16 шілде 2024 жылғы №315 НҚ хатын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек - 2025 жылдың 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн

(2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн

(2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн

(2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн мерзімде (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары-
2025 жылғы 29 мамыр мен 9 маусым аралығында өткізілсін;

11(12) - сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары-
2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында өткізілсін.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) - сынып оқушыларына емтихан өткізу күндері;

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-
2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан,
гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс
(мақала, әңгіме, эссе)-2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география,
геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі
(ағылшын, информатика) - 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2025 жылғы 10 маусым;

11 -сынып оқушылары үшін;

- 1) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан - 2025 жылғы 3 маусым;
- 3) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, әдебиет, шет тілі (ағылшын) информатика) – 2025 жылғы 12 маусым.

5) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым;

4. «ІТ мектеп-лицей» КММ білім туралы аттестаттарды тапсыру ағымдағы жылғы 16-17 маусым аралығында өткізілуі тиіс.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

6. Жоғарыда баяндалғандар негізінде оқу жылының аяқталуы бойынша уақытылы ұйымдастыру іс – шараларын жүргізу қажет.

7. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Жанабаеваға жүктелсін.

Негіздеме: Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің 16 шілде 2024 жылғы № 315 НҚ хаты.



А.С.Батырова